

᠑ᠶᠠᠮᠠᠨᠢ

البيبي^ء

البيبي

ӘЛІПБИ

Älɪpbi

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDA+7

Алматы
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

Құрастырушылар алқасы: Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

Ә55 ӘЛПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер қамтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық танытқан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020
© «Арда + 7», 2020

ғалымдардың қазақ әліпбиіне катысты үлгісі Анкарадағы жиында қабылданған 34 таңбаның негізінде жасалды, ол 27 әріптен тұрады.

Қалдыру, тастау белгісі «...» – сөзді бүкпелеп жорта қалдырып сөйлегенде немесе сөздерді тізіп тұтастыра сөйлемей, үзіп бөлек-бөлек сөйлеген орындарда қойылатын белгі, көп ноқат, көп нүкте.

«Қалқоз ауыл» – Қазақстан халық ағарту кемесеретінің оқу-ағарту секторы мақұлдаған, үшінші жылдың оқу, жұмыс кітабы. Құрастырғандар: М.Жолдыбайұлы, Т.Арыстанбекұлы, С.Логинов, А.Мамыткеліні. Редакциясын басқарған – М. Жолдыбаев. Алғашқы басылымы 1931 жылы Алматыда жарық көрген. Таралымы – 70 000.

Қалмақ жазуы. Тодо бичиг (қалм. «ᠲᠣᠳᠤ ᠪᠢᠴᠢᠭ») – Тодо бичиг; моңғ. «ᠲᠣᠳᠤ ᠪᠢᠴᠢᠭ»), Тодо бичиг; *бурят. «Тодо бэшиэг»*), кейде тодо – 1648 жылы ескі моңғол жазуының негізінде буддалық сопы Зая Пандитаның (1599-1662) құрастырған әліпбиі. Тодо бичиг вертикальды моңғол әліпбиінің жақын туысы. Бұл әліпби арамей жазуының негізінде құрастырылған ұйғыр жазуынан пайда болды. Осы тізімнің ішінде тодо бичигте ғана әр дауысты дыбысты жеке таңбалармен қамтамасыз ету мәселесі шешілген. Жаңадан қосылған символдар мен диакритикалық таңбалар дауысты дыбыстардың ұзақтығын айқындады. Ойрат (қалмақ) тілінде жоқ, шетел сөздерінде кездесетін «ши», «си» дыбыстары үшін арнайы таңбалар енгізілді. Ойраттар (қалмақтар мен жоңғарлар) және көрші халха-моңғолдар тодо бичигті XVII ғасырдың екінші жартысынан XVIII ғасырдың екінші жартысына дейін қолданған.

Қамау белгісі «()» – жақша: 1) бір нәрсені хабарында болдыра кетейін деген орындарда (*Сөйлейді ойланбай-ақ, аю иолақ (аюлар күшке мықты, ойға олақ). Қойлардан ала түсті құтылғандай (бар деймін бұған оңай жалғыз жол-ақ)*); 2) алдағы сөзді артқысы түсіндіре өтетін жерлерде қойылатын белгі. А.Байтұрсынұлы қамау белгісінің көбінесе пән сөздерін, жат атаулардың мағынасын оқушы түсінбейтін жағдайда қойылатынын ескертеді.

Қарайым жазуы – қарайым тілінің жазуы. Еврей әліпбиі негізіндегі дәстүрлі Қ.ж. XX ғасырға дейін қолданылған. Көптеген қарайым отбасыларында әлі күнге дейін меджума деп аталатын әртүрлі мазмұндағы мәтіндердің еврей жазуымен жазылған қолжазба жинақтары сақталған. XX ғасырда қарайым халқы латын әліпбиінің (яналиф, литва және поляк әліпбилері) және кирил графикасының әртүрлі модификацияларын да қолданды. Бүгінгі таңда литвалық қарайымдар латын әліпбиінің литвалық нұсқасын қолданады, ал Қырым қарайымдары жазуда кирилді қолданады.

Қарақалпақ жазуы – 1928 жылға дейін қарақалпақ жазба тілінде араб әліпбиі қолданылса, кейін 1928-1940 жылдары аралығында латын жазуы (яналиф), одан әрі кирил әліпбиі қолданылған. Алайда Өзбекстан Республикасының тәуелсіздігін алғаннан кейінгі уақытта латын графикасына қайта оралуға шешім қабылданып, қазіргі уақытта Қарақалпақстанда да бұл мәселе сатылап іске асырылуда. Қазіргі уақытта қарақалпақ тілінің әліпбиі латын әліпбиіне көшірілген.